

Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсан N 507 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 22-бабының 2-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі болып; U973377

2) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, индустрия және сауда саласындағы өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне беріліп, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі болып;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, геология және жер қойнауын қорғау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне беріліп, қайта ұйымдастырылсын.

2 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі, функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, ал жер қойнауын пайдалану саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне беріліп, т а р а т ы л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі, функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне б е р і л е о т ы р ы п ;

3) Қазақстан Республикасының Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі, функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне беріліп, таратылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) м ы н а л а р д ы :

Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттікті; U041449 таратылған Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетін; U020931

таратылған Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитетін;

таратылған Қазақстан Республикасының Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігінің функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетін құруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетін, оның функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігіне бере отырып, таратсын;

3)

4) бір ай мерзімде осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қолдансын.

Ескерту. 3)-тармақша алып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.02.20 N 811 жарлығымен.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - тармақта :

мынадай мазмұндағы абзацтар алынып тасталсын:

"Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі".

Мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі"

;

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі".

5. "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясын" құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 70-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін: 1-тармақтың 2) тармақшасында "өнімді бөлісу туралы, роялти туралы келісімдердегі әрі", "басқа да" деген сөздер алынып тасталсын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің

Әкімшілігіне

жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК